

"2018-2020 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Қызылжар ауылдық округінің бюджеті туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 22/15 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 25/11 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 сәуірде № 4652 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "2018-2020 жылдарға арналған Қызылжар аудандық Қызылжар ауылдық округінің бюджеті туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының мәслихаттың 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 22/15 шешіміне (2018 жылғы 29 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланды, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4519 болып тіркелді) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. Сәйкесінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 2018-2020 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Қызылжар ауылдық округінің бюджетін, соның ішінде 2018 жылға арналған бюджет мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 20 328 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 5 136 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 15 192 мың теңге;

2) шығындар – 20 328 мың теңге;

3) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге.";

келесі мазмұндағы 5-1 тармағымен толықтырылсын:

"5-1. Аудандық бюджеттен 2018 жылға нысаналы трансферттер Қызылжар ауданының Қызылжар ауылдық округінің бюджетінде ескерілсін.

Аталған нысаналы трансферттерді аудандық бюджеттен бөлу Қызылжар ауданының Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2018-2020 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Қызылжар ауылдық округінің бюджеті туралы Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы шешімімен айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Қызылжар аудандық

мәслихаты сессиясының

төрағасы

Солтүстік Қазақстан облысы

Қызылжар аудандық

мәслихатының хатшысы

С.Оралұлы

А. Молдахметова

Аудандық мәслихат сессиясының 2018 жылғы

29 наурыздағы № 25/11 шешіміне қосымша

Аудандық мәслихат сессиясының 2017 жылғы

25 желтоқсандағы № 22/15 шешіміне 1 қосымша

2018 жылға арналған Қызылжар ауданының Қызылжар ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
	І ш к і	сыныбы		
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	20 328
1			Салықтық түсімдер	5 136
	01		Табыс салығы	1 283
		2	Жеке табыс салығы	1 283
	04		Меншікке салынатын салықтар	3 853
		1	Мүлікке салынатын салықтар	70
		3	Жер салығы	863
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 920
4			Трансферттердің түсімдері	15 192
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	15 192
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	15 192

Кестенің жалғасы

Функционалдык топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
Әкімші		Бағдарлама		
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	20 328
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	13 601
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	13 601
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13 401
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200
4			Білім беру	605
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	605
		005	Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	605
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	971
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	971
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	721
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	250
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1 634
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 634
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	1 634
13			Басқалар	3 517
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 517
		040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	3 517
			3) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			4) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			5) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0